



Қарастырылды  
Әдістемелік кеңес  
отырысында төрайымы  
Анапиянова М.М.   
2019 жылғы «02» қараша № 1 хаттама

БЕКІТЕМІН  
«Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық  
колледжі» КМҚК басшысы  
Гаоилдин Р.М.   
«02» қараша 2019 ж.



**«Тереңкөл ауданының аграрлық-техникалық колледжі» КМҚК  
мамандықтар мен кәсіптері бойынша студенттердің оқу және өндірістік  
тәжірибесі туралы  
ЕРЕЖЕ**

**1. Жалпы ережелер**

1.1 Осы кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру және өткізу Ереже және кәсіпорындарды (ұйымдарды) техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін тәжірибе базасы ретінде айқындау Ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 46-11) - тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 23 қарашадағы Еңбек кодексіне сәйкес әзірленді және кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу және техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін тәжірибе базасы ретінде айқындау кәсіпорындарды (ұйымдарды) анықтау тәртібін айқындайды.

1.2 Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру (бұдан әрі – білім беру ұйымдары) кәсіпорындардың (ұйымдардың) келісімі бойынша кәсіпорындармен (ұйымдармен) кәсіби тәжірибесі туралы құжаттар әзірлейді.

**2. Кәсіптік тәжірибені ұйымдастыру мен өткізу тәртібі**

2.1 Кәсіптік тәжірибенің түрлері, мерзімдері мен мазмұны Заңның 38-бабының 2-тармағына сәйкес білім беру ұйымдарымен бекітілген жұмыс оқу бағдарламаларымен және жоспарларымен анықталады.

2.2 Білім беру ұйымы білім алушылардың кәсіптік тәжірибесінен өту үшін білім алушыларды білім беру ұйымдары үшін тәжірибе базалары ретінде айқындалған кәсіпорындарға (ұйымдарға) тәжірибеге жібереді.

2.3 Кәсіптік тәжірибеден өткізу үшін білім беру ұйымы кәсіпорындардың (ұйымдардың) келісімі бойынша тәжірибеден өту туралы бағдарламалары мен күнтізбелік кестелерін бекітеді.

2.4 Білім алушыларды кәсіптік тәжірибесіне жолдау ұйым басшысы мерзімдерін, базасы мен басшысын көрсете отырып, бұйрығымен ресімдейді.

2.5 Білім алушыға Ережеге 1, 2-қосымшаларға сәйкес нысандар бойынша кәсіби тәжірибеден өту туралы бағыттар бланкі мен есеп-күнделігі беріледі.

2.6 Кәсіби тәжірибесін өту кезінде білім алушыларға білім беру ұйымдарынан және кәсіпорындардан (ұйымнан) жетекшілер тағайындалады. Қажет болған жағдайда кеңесшілер тағайындалады.

2.7 Кәсіби тәжірибенің негізгі түрлері оқу, өндірістік және диплом алды тәжірибе болып табылады.

2.8 Оқу тәжірибесі білім алушыға барлық мамандықтар бойынша нақты бір пән саласындағы ерекшелігіне және болашақ маманның кәсіби құзыреттілігіне байланысты өткізіледі.

2.9 Оқу тәжірибе берілген мамандық бойынша мамандарды дайындауды жүзеге асыратын меңгерушісі, бөлім меңгерушісі, оқу-өндірістік жұмысы бойынша басшының орынбасары атына бекітіледі.

2.10 Оқу тәжірибенің бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2017 жылғы 31 қазандағы № 553 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік білім беру мамандықтары бойынша типтік оқу бағдарламаларына сәйкес және жоспарларымен (№ 16013 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген).

2.11 Оқу пәндерінің (модульдерінің) зерттеу жалғасы болып табылатын, оқу практикалық сабақтар тізбесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым 2007 жылғы министрінің 29 қарашадағы № 583 бұйрығымен бекітілген оқу-әдістемелік және ғылыми-әдістемелік жұмысты ұйымдастыру мен жүзеге асыру Қағидаларына сәйкес циклдік комиссияларымен қаралады (№ 5036 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген) және білім беру ұйымының басшысы бекітеді.

2.12 Оқу тәжірибелік сабақтардың әдістемелік және материалдық дайындалуы осы тәжірибелік сабақты жүргізетін өндірістік оқыту шебері немесе оқытушы жүзеге асырылады.

2.13 Мамандыққа байланысты оқу тәжірибесі оқу және оқу-өндірістік шеберханаларда, оқу шаруашылықтарында, оқу полигондарында, білім беру ұйымдарының оқу-қосалқы объектілерінде, сондай-ақ кәсіпорындарда (ұйымдарда) өткізіледі.

2.14 Оқу тәжірибедегі білім алушылардың жұмыс күні жасына және өндіріс жағдайларына қарай қызметкерлерінің тиісті санаттары үшін еңбек туралы қолданыстағы заңнамаға сәйкес кәсіпорындарда (ұйымдарда) 6 академиялық сағатты құрайды.

2.15 Оқу тәжірибесін аяқталғаннан кейін білім алушыларға Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығымен бекітілген техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарында білім алушыларды ағымдағы бақылауды, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттауды өткізу Үлгілік қағидаларына сәйкес емтихан жұмыстары негізінде бағалары қойылады (№ 5191 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген) (одан әрі - № 125 бұйрық).

2.16 Білім алушылардың оқу тәжірибе бағдарламаларын орындауы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің м.а. 2007 жылғы 23 қазандағы № 502 бұйрығымен бекітілген білім беру қызметінде білім беру ұйымдары қатаң есептегі құжаттардың нысандарына сәйкес өндірістік оқыту есебі журналында белгіленеді (№ 4991 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген).

2.17 Өндірістік және диплом алдындағы тәжірибеден өту алдында кәсіпорынның (ұйымның) базасында білім алушыларға кәсіби тәжірибенің мақсаттары, міндеттері, қағидалары, бағдарламасы және қауіпсіз еңбек жағдайлары туралы нұсқаулық өткізіледі.

2.18 Өндірістік тәжірибе (тиісті мамандығы бойынша) кәсіпорындарында (ұйымдарында) жүргізіледі.

2.19 Өндірістік тәжірибе мазмұнына қарай арнайы кафедра, бөлімше, пәндік циклдік комиссия атына бекітіледі.

2.20 Өндірістік тәжірибенің қорытындысы бойынша білім алушылар кәсіби тәжірибелерінің бағдарламасын және осы Ережеге 2 - қосымшаға сәйкес нысан бойынша кәсіби тәжірибеден өткені туралы күнделік-есептерін орындау туралы еркін нысанда жазбаша есебін тапсырады .

2.21 Өндірістік тәжірибенің жазбаша есебі білім беру ұйымдарында кәсіпорынның (ұйымның) тәжірибе жетекшінің ұсыныстарын ескере отырып, білім беру ұйымдары бағалайды.

2.22 Білім беру ұйымының оқу және (немесе) өндірістік тәжірибесін аяқтау бойынша жұмыс біліктілігін алу үшін біліктілік комиссиясы құрылады.

Біліктілік комиссия отырысын өткізу орны кәсіпорын (ұйым) келісімі бойынша анықталады.

2.23 Комиссия мүшелерінің тақ санынан тұрады, құрамына кәсіпорындардың (ұйымдардың) және білім беру ұйымдарының өкілдері кіреді.



2.24 Комиссия өкілі комиссияның қызметін басшылық ететін кәсіпорынның (ұйымның) өкілі, ал егер ол болмаса білім беру ұйымы басшысы болып табылатын өкілдің орынбасары болып табылады.

Комиссия хатшысының жұмысын комиссия мүшесі болып табылмайтын білім беру ұйымының орынбасары атқарады.

2.25 Комиссияның шешімі отырысқа қатысатын жалпы санының көпшілік дауысымен қабылданады және ерікті нысандағы хаттамамен ресімделеді.

2.26 Білім алушыларға арналған диплом алдындағы тәжірибе білім беру бағдарламаларына сәйкес дипломдық жұмысы (жобасы) қарастырылған және мамандығы (біліктілік) бітіруші курста есеп жүргізіледі.

2.27 Диплом алдындағы тәжірибенің басшылығы дипломдық жұмыстың (жобаның) ғылыми жетекшісі, немесе осы мамандық (біліктілік) бойынша теориялық және практикалық білімі мен дағдыларын меңгерген оқытушылар, өндірістік оқыту шеберлері жүзеге асырады.

2.28 Диплом алдындағы тәжірибе мазмұны дипломдық жұмыстың (жобаның) тақырыбымен айқындалады.

2.29 Дипломалды іс-тәжірибенің мерзімі Заңының 5-бабы 5-2) тармақшасына сәйкес бекітілген мемлекеттік білім берудің жалпыға міндетті стандартына сәйкес мамандықтың күрделілігіне қарай анықталады.

2.30 Диплом алдындағы тәжірибелік қорытындысы кафедра немесе бөлім, не оқу-өндірістік ісі жөніндегі басшының орынбасары ұйымдастыратын дипломдық жұмысын (жобасын) алдын ала қорғауда өткізіледі.

### **3. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы үшін тәжірибе базасы ретінде кәсіпорындарды (ұйымдарды) анықтау тәртібі**

3.1 Кәсіпорындардың (ұйымдардың) тізбесі Қазақстан Республикасының "Атамекен" Ұлттық кәсіпкерлер палатасының мамандарды сертифициаттау орталықтары тізіліміндегі аккредиттелген қауымдастықтар, салалық қауымдастықтар тізімінен және (немесе) білім алушыларға ұсынылған кәсіпорындарының (ұйымдарының) тізбесінен анықталады.

3.2 Жарғылық қызметі мамандарды дайындау бейініне және кәсіби практиканың басшылығы бар білікті кадрлармен қамтамасыз етілген білім беру бағдарламасының талаптарына сәйкес және жақсы материалдық-техникалық жарақтандыруы бар кәсіпорындар (ұйымдар) тәжірибенің базаларымен анықталады.

3.3 Тәжірибе базалары ретінде белгіленген кәсіпорынмен (ұйыммен) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым Министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 93 бұйрығымен бекітілген кәсіби тәжірибені өткізуге арналған үлгілік шартқа сәйкес кәсіптік тәжірибені өткізу туралы шарт жасалады (№ 13227 нормативтік құқықтық актілері мемлекеттік тіркеу тізілімде тіркелген).

3.4 Білім беру ұйымдарының білім алушылары кәсіптік тәжірибе базасымен келісім-шарт кәсіби практика басталғанға дейін бір ай ішінде кешіктірмей жасалады.